

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАТТАМА

31.08.2021 ж. №1

Шымкент қ.

Іс-шара түрі: Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісі

Төрайым - Оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректор Исабек Б.Қ.

Хатшы Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы. Айтбаева А.Е.

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы, Исабек Б.Қ. : Қайырлы күн, құрметті оқу-әдістемелік кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінің күн тәртібінде төрт негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі негізгі сұрақ үшін регламент 10-20 минут, әртүрлі мәселе бойынша 3-5 минутқа дейін деп белгіленеді. Пікір айтушылар үшін 2-3 минутқа дейін уақыт беріледі. Регламентпен келісетін болсаңыздар, құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын. №1 оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Университеттің 2021-2022 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік кеңесінің жоспарын бекітуге ұсыну.
2. Университеттің 2021-2022 оқу жылына оқу-әдістемелік кеңесінің мүшелерін бекіту.
3. Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарларын қарау.
2021-2022 оқу жылында қабылданған білім алушылар үшін «Кәсіптік практика бағдарламасын» бекіту
4. 2021-2022 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор- оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекіту
5. Әр түрлі мәселелер

1. Университеттің 2021-2022 оқу жылына жоспарлаған оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарын бекітуге ұсыну.

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Төрайым: Университеттің оқу-әдістемелік жұмысының жоспары барлық функционалдық қызметтерге сәйкес дайындалды. Оқу-әдістемелік жұмысының жоспарын талқыға салайық. Бұл жоспар университеттің барлық оқу-әдістемелік жұмыстарына қатысты болғандықтан, факультеттер жоспар бойынша берілген тапсырмаларды орындау барысында осы мәселені ескеруі керек. 2021-2022 оқу жылына университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің жоспарын бекітуге ұсынуға болады деп есептеймін.

1.ШЕШІМ: 2021-2022 оқу жылына университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің жоспары бекітуге ұсынылсын.

2. Университеттің 2021-2022 оқу жылына оқу-әдістемелік кеңесінің мүшелерін бекіту

Төрайым: 2021-2022 оқу жылында оқу-әдістемелік кеңесінің мүшелерін бекітіп алуымыз керек. Барлық үміткерлер мүшелікке енді, қазір алдарыңызға оқу-әдістемелік кеңес мүшелерінің тізімі тұр. Бұл тізімге әр факультеттің декандары тарапынан берілген кафедра меңгерушілері мен әр факультеттің оқу-әдістемелік жұмысқа жауаптылары енгізілді. Дауысқа салайық. Егер ұсыныстарыңыз болса қолдаймыз. Оқу-әдістемелік кеңес құрамын хатшы оқиды.

2021-2022 оқу жылына оқу-әдістемелік кеңес мүшелері

№	Аты-жөні	Қызметі
---	----------	---------

1	Исабек Баршагүл Қашқынқызы	Кеңес төрайымы - оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректор
2	Бердалиев Даулетбай Турдалиевич	Кеңес төрайымының орынбасары - Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы
3	Айтбаева Айгуль Ергеновна	Кеңес хатшысы - Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы
4	Махашов Еркін Жумағалиевич	Тіркеу бөлімінің басшысы
5	Шамбулова Халида Камбаровна	Кітапхана басшысының орынбасары
6	Мамаев Қайрат Серикбаевич	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі басшысы
7	Турлыбекова Алтынай Асанхановна	Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімінің басшысы
8	Жусипова Гулмира Турдыевна	Қашықтықтан, кешкі оқыту және дайындық орталығының басшысы
9	Калжанова Алтынай Кенжемуратовна	Филология факультетінің деканы м.а
10	Оразбаева Эльмира Бейсенбаевна	Тарих және педагогика факультетінің деканы
11	Байбатшаева Айдайкыз Еркінбековна	Өнер және білім факультетінің деканы
12	Ибашова Альмира Байдабековна	Физика-математика факультетінің деканы
13	Саулембаев Алтынбек	Жаратылыстану факультетінің деканы
14	Турьскулов Умиралі Жусіпович	Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы
15	Уалиханова Баян Сапарбековна	Физика кафедрасының меңгерушісі
16	Сулейменова Лаура Аскарбековна	Информатика кафедрасының меңгерушісі
17	Шаграева Бибигуль Бекеновна	Химия кафедрасының меңгерушісі
18	Сманова Газиза Илесхановна	Ағылшын тілі кафедрасының меңгерушісі
19	Таутаева Гульдарига Батыршаевна	Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі
20	Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы	Педагогика кафедрасының меңгерушісі
21	Масалиева Жанар Амалбайқызы	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі
22	Сыздыкова Гаухар Майсуровна	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі
23	Узахова Айнакул Сламовна	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі
24	Тайтелиева Майра Абдикаимовна	Филология факультеті оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы
25	Абуова Бейбет Джанабаевна	Тарих және педагогика факультеті оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы
26	Арыстанова Шолпан Сәбитовна	Өнер және білім факультеті оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы
27	Кожабекова Эльмира Курбаналиевна	Физика-математика факультеті оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы
28	Битимирова Алия Еркегуловна	Жаратылыстану факультеті оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы
29	Айдарбеков Копжасар Джасузакович	Дене шынықтыру және спорт факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы

2.ШЕШІМ: 2021-2022 оқу жылына университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мүшелері бекітілсін

3. Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарларын

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Төрайым: Жаратылыстану, Филология, Тарих және педагогика, Физика-математика, Дене шынықтыру және спорт, Өнер және білім факультеттерінің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарлары университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне қарауға ұсынылды. Аталған факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарлары университеттің оқу-әдістемелік жұмысының жоспары негізінде дайындалды. Факультеттердің жоспарларында оқу-әдістемелік жұмыстарын орындаудың негізгі мәселелері қарастырылған. Әр факультеттен кафедрада оқытылатын пәндер тізімі ұсынылып отыр. Осы пәндердің ішінен таңдау компоненттерін және жоғары оқу орны ұсынған пәндерді университеттің Ғылыми Кеңесіне бекітуге ұсынамыз. Пәндер тізімі тіркелген.

2021-2022 оқу жылында кафедраларда жүргізілетін пәндер саны

р/с.	Кафедра атауы	Кафедра оқытатын пәндер саны				Күзгі семестр	Көктемгі семестр
		МК	ЖОО	ТК	БАРЛЫҒЫ		
1	Математика	-	16	22	38	24	14
2	Физика	-	33	4	37	28	9
3	Информатика	1	11	21	33	25	8
4	Химия	-	2	26	28	16	12
5	Биология	-	16	28	44	31	13
6	География	2	27	42	71	54	17
7	Бастауышта оқыту әдістемесі	2	14	8	24	15	9
8	Мектепке дейінгі тәрбие және арнайы педагогика	5	17	45	67	43	24
9	Педагогика	-	16	28	44	27	17
10	Психология	1	13	12	26	17	9
11	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	5	2	4	11	9	2
12	Әлем тарихы және дінтану	-	18	21	39	26	22
13	Қазақ тілі және әдебиеті	1	20	37	58	47	34
14	Орыс тілі және әдебиеті	1	8	23	32	22	12
15	Ағылшын тілі	3	16	24	43	27	16
16	Шетел тілдері	1	1		2	2	1
17	Музыкалық білім	2	23	20	45	25	20
18	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	3	11	46	60	39	21
19	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	2	11	11	24	15	9
20	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	1	11	17	29	21	9
	Жалпы	30	286	439	755	513	278

Әр білім беру бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылында қабылданған білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламалары ұсынылып отыр.

2.ШЕШІМ:

1. 2021-2022 оқу жылына факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарлары және 2021-2022 оқу жылында қабылданған білім алушылардың кәсіптік практика бағдарламалары бекітілсін.

2. Кафедрада өтілетін таңдау компоненттерін және жоғары оқу орны ұсынған пәндерді университеттің Ғылыми Кеңесіне бекітуге ұсынылсын.

4. 2021-2022 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекіту

ТЫНДАЛДЫ: Д.Т. Бердалиев: Университетіміздің 20 кафедрасы оқытудың барлық түрі бойынша 2021-2022 оқу жылының күзгі жарты жылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекітуге ұсынып отыр. ОСӨЖ өткізу кестесі кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы жеке жүктемесі бойынша жүргізілетін пәндеріне және пәндердің кредит санына байланысты түзілді.

ШЕШІМ: 2021-2022 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.

5. Әр түрлі мәселелер.

5.1 ТЫНДАЛДЫ:

Айтбаева А.Е.: Университетіміздің ZOOM Платформасында барлық факультеттің оқытушы-профессор құрамына «2021-2022 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. Семинарда Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы .Бердалиев Даулетбай Турдалиевич: «Пәннің оқу нәтижелерін құрастыруға қойылатын талаптар», «Оқу процесінде «Univer» жүйесін қолдану» тақырыбында;

Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Айтбаева Айгуль Ергеновна «Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің сапасы және оны «Univer» жүйесіне жүктеу» тақырыбында; Цифрландыру және оқу процесін ақпараттық сүйемелдеу бөлімінің басшысы Каликулов Нуржан Есенбекович «Google поштамен (Gmail) жұмыс», «Видеолекциялар түсіруге қойылатын талаптар» тақырыбында баяндамалар жасады. Университетімізге жаңадан келген оқытушылар түсінбеген сұрақтарына жауап ала алды.

ШЕШІМ:

Мәлімет есепке алынсын.

Төрайым

Исабек Б.Қ.

Хатшы

Айтбаева А.Е.